

**«6D110200 - Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша
философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған
Мергентай Айгульдің «Жалпы практика дәрігерлерінің нормативтік
жүктемелерін жетілдіру жолдарының ғылыми
негіздемесі» тақырыбындағы
диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің**

РЕЦЕНЗИЯСЫ

1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі және оның жалпы ғылыми және мемлекеттік бағдарламалармен (ғылым мен техниканың дамуы мен практикадағы сұраныс) байланысы.

Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті Н. Ә. Назарбаевтың 2012 жылғы 14 желтоқсанда «Қазақстан - 2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Халыққа Жолдауы бойынша, денсаулық сақтау жүйесін қазіргі заманға сай тиімді құру - Қазақстанның саяси бағыттарының басты мақсаттардың бірі болып табылады.

Қазақстан Республикасы үшін денсаулық сақтау жүйесі жалпы сыртқы және ішкі мәселелерін жақсарту, адами ресурстарды басқару тиімділігін арттыру, денсаулық сақтаудың кадрлық ресурстар сапасы мен қолжетімділігін жақсарту мақсатында, кадрлық қажеттілігін және жоспарлау мен болжауға, оны тұрақты бағалауға, мониторинг жасауға негізделгенін көрсетеді.

Кадр қызметін жоспарлау жүйесі, негізінен, кадрлық контингенттің лауымы мен санаттары, персоналды басқару әкімшілігінің үлес салмағы, басқа мамандықтардың кадр ресурстарының тұрақсыздығы сияқты қажетті көрсеткіштерден құралуы тиіс. Кадрлық ресурстарымен жұмыс жасаудың барлық маңызды бөлімдерін жоспарлауды жан - жақты қамту жалпы саланы оңтайландыруға мүмкіндік береді.

Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың «Бес институционалдық реформаны іске асыру бойынша 100 нақты қадам» атты Ұлттық жоспарында медициналық қызмет көрсетудегі кадрларды әзірлеу, халықтың медициналық көмекке деген қолжетімділігін қамтамасыз ету жөнінде айтылған.

Денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік саясат қағидаттарының бірі - халыққа сапалы медициналық - санитарлық алғашқы көмек көрсету мәселесі, «Халық денсаулығы мен денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы кодексі мен Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2011 - 2015 жылдарға арналған «Саламатты Қазақстан» және «Денсаулық» (2016 - 2020 жж.) Мемлекеттік бағдарламаларында көрініс тапқан.

Мергентай Айгульдің диссертациялық жұмысы қазіргі уақыттағы жалпы дәрігерлік (отбасылық) тәжірибенің жұмысын нормалау мен ұйымдастыруға қатысты. Оған қоса, денсаулық сақтаудағы экономикалық ахуалдың қазіргі заманғы даму үрдістерін, халықтың денсаулық жағдайын және амбулаторлық жағдайларда медициналық көмек көрсететін

медициналық ұйымдардағы жалпы практика дәрігерінің қызметін ұйымдастырудағы нормативтік базасын жетілдіруге арналған. Аталған мәселелерді зерделеу, әсіресе, Қазақстан Республикасында денсаулық сақтау жүйесін реформалау кезеңінде өзекті болып келеді.

2. Диссертацияға қойылатын талап деңгейіндегі ғылыми нәтижелер.

Диссертациялық жұмыстың қорытындылары бойынша келесідей жаңа нәтижелерге қол жеткізілген:

1. Тұрғындарға медициналық - санитарлық алғашқы көмек көрсету сұрақтары бойынша нормативтік - құқықтық базасына жүргізілген талдау, дәрігерлердің жүктеме нормативтерінің жетілмегендігін және жалпы практика дәрігерлерінің еңбек жағдайларын және жұмысын ұйымдастырудың жаңа жолдарын енгізу қажет екенін көрсеткен.

2. Қазақстан Республикасының 16 аймағында учаскелік дәрігерлермен қамтамасыз етілуіне жүргізілген талдау бойынша, жалпы практика дәрігерлерінің үлесі 128,6% - ға жоғарласа, Республика бойынша учаскелік терапевттер мен педиатрлардың үлес салмағы, сәйкесінше, 64,7% - ға және 50% - ға төмендегенін көрсетті. Оған қоса, 10000 тұрғынға шаққанда, учаскелік қызметтегі дәрігерлермен жалпы қамтамасыз етілу үлесінің төмендегені көрсетілген, ал қоса атқару коэффициенті 1,1 деңгейінде сақталған.

3. Жалпы практика дәрігері жұмыс уақытының шығындары бір пациентті қабылдауға, орта есеппен, $15,1 \pm 0,2$ минут жұмсалатындығын көрсетті. Сонымен қатар, ЖПД жалпы жұмыс уақытының 38,2% - ын негізгі қызметін атқаруға, 50,2% - ын медициналық құжаттармен жұмыс істеуге және 11,6% - на дейін қосымша жұмысқа (конференцияларға қатысуға, біліктілікті жоғарлатуға, телефонмен сөйлесуге) жұмсайтыны анықталған. Хронометраж барысында, дәрігердің негізгі қызметіне кедергі жасайтын элементтер анықталған (әріптестерімен және басқа адамдармен сөйлесу), бұл ресми қызмет уақытының шамамен 7% - ын құрады. Жалпы практика дәрігерінің 4 сағаттық жұмыс ауысымында қабылдаған пациенттердің саны нормадан (16 пациентке) 1,3 есе жоғары болды. Хронометраж нәтижелері бір пациентті қабылдау уақытын көбейту қажеттілігінің жоқтығын көрсетеді.

4. Жалпы практика дәрігерлеріне жүргізілген сауалнама бойынша, бір пациентті қабылдауға кететін уақыт шығыны дәрігердің жасына (23-тен 43 жасқа дейін 20 минут және 44-тен 59 жас топтары 15 минут) және жұмыс өтіліне (10 жылға дейінгі жұмыс өтілі бар ЖПД - 20 минут, 10 жылдан астам - 15 минут) байланысты екенін көрсетті. Мейіргерлерге функционалдың жартысын бөліп беру барысында ЖПД жүктемесінің төмендеуімен статистикалық байланыс анықталды. Сонымен бірге, респонденттердің (47,0%) мейіргерлерге функционалдың жартысын берсе де, ЖПД пациенттерді қабылдау уақытының өзгермейтінін айтқан. Мұның себептерін мейіргерлердің жетіспеушілігі мен төмен біліктілігімен, қағаз жұмысының көп болуымен байланыстырған. Осы мәселелерді шешу жолдары ретінде,

мейіргерлердің дербестігі мен құзыреттілігін арттыру, процестерді цифрландыру (бейінді мамандарға, инструменталды зерттеулерге жазылу) ұсынылған.

5. Алынған мәліметтер негізінде ЖПД қызметін және олардың күзіреттерін реттейтін қолданыстағы және әзірленетін нормативтік құжаттарға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ұсыныстар берілді.

3. Диссертацияда қарастырылған, ізденушінің әр шешімдерінің, қорытындылары мен нәтижелерінің (ғылыми ережелер) нақтылығы, негізделуі және шынайылық дәрежесі.

Мергентай Айгульдің диссертациясының әдебиеттер тізімін 169 дереккөздер құрайды. Диссертант зерттеу барысында толық әдеби шолу жасап, тақырыптың қазіргі уақытта өзектілігін айқындай түскен.

Диссертация бойынша барлық міндеттер толығымен орындалды. Жұмыста алынған нәтижелер мен нақты қорытындылар осы ғылыми жұмыстың мәнін нақтылап көрсетеді. Осы жұмыста қазіргі таңдағы алғашқы медициналық - санитарлық көмек көрсететін жалпы практика дәрігерінің жұмысын нормалауды зерделеу кезінде электронды - ақпараттық технологияның амбулаторлық - емханалық жағдайда көп пайдалануы кең етек алып отыр. Осыған орай, зерттеу жұмысы дәрігер жұмысының уақыт шығын есептеуге арналған. Жүргізілген хронометраждық зерттеуде жалпы практикалық дәрігерлердің жұмыс уақытының шығынын зерттеп өзара салыстырмалы талдау жасалған.

Медициналық-санитарлық алғашқы көмек мамандарының жұмысына арналған ғылыми жұмыстар елімізде тапшы болғандықтан, бұл жұмыс мамандар арасында үлкен қызығушылық тудырып отыр. Зерттеуде қолданған әдістер: орташа көрсеткіштерді есептеу, дәрігерлік қызмет міндеттерін анықтау, хронометраждық, әлеуметтік сауалнама әдісті қолдануы зерттеудің шынайылық дәрежесін дәлелдеп отыр.

4. Диссертацияда қарастырылған, диссертанттың берген әрбір нәтижесінің (қағидасының), тұжырымдары мен қорытындыларының жаңашылдық дәрежесі.

Диссертациялық жұмыс ғылыми негізделген, жаңашыл нәтижелерден тұрады және оларды жаңа ғылыми жетістік ретінде қабылдауға болады, атап көрсетсек:

- 1) Тұрғындарға медициналық - санитарлық алғашқы көмек көрсету үшін арналған нормативтік - құқықтық базасын талдап, оған әдеби шолу жасалған.
- 2) 2010 - 2018 жылдар аралығында Қазақстан Республикасындағы алғашқы медициналық - санитарлық көмек көрсететін дәрігерлермен қамтамасыз ету мен қосымша жұмыс атқаруына талдау жүргізілген.
- 3) 2010 - 2018 жылдар аралығындағы Қазақстан Республикасы қатысты облыстары мен қалаларында учаскелік терапевт - дәрігерлермен, дәрігер - педиатр және жалпы практикалық дәрігерлерімен халықтың қамтамасыз етілуінің ауытқу коэффициенттері есептелген.

4) 2010 - 2018 жылдар аралығындағы Қазақстан Республикасы облыстары мен қалаларында учаскелік терапевт - дәрігерлермен, дәрігер - педиатр және жалпы практикалық дәрігерлерімен халықтың лауазымдық толықтыру коэффициенттері есептеліп көрсетілген.

5) Тұрғындарға медициналық - санитарлық алғашқы көмек көрсететін жалпы практика дәрігерінің қызметіне хронометраждық зерттеу жүргізу арқасында дәрігерлік лауазым функциясының нормативтері бейнеленген.

6) Тұрғындарға медициналық - санитарлық алғашқы көмек көрсететін жалпы практика дәрігердің жұмыс уақытының шығыны анықталған.

7) Алынған мәліметтер бойынша жалпы практика дәрігер жұмысын жетілдіру бойынша ұсыныстар берілген.

5. Алынған нәтижелердің ішкі бірлігін (тұтастығын) бағалау.

Диссертацияның барлық тараулары мен қағидалары өзара байланысқан, нақты және бірізділікпен баяндалған. Алынған нәтижелер диссертацияның мақсаты мен міндеттеріне сәйкес келеді. Зерттеу нәтижелері мен әдебиетке шолу бір - бірімен өзара байланысқан.

6. Зерттеу жұмысының теориялық және тәжірбиелік құндылығы.

Зерттеу нәтижесінде автор көрсеткен мәліметтер аталған өзекті мәселені шешуге өз ықпалын тигізіп отырғанын сөзсіз, сол себепті алынған нәтижелерді жалпы практикалық дәрігердің жұмысын нормалау кезінде әдістемелік құрал ретінде ұсынуға болады.

7. Диссертацияның шешімдері мен қорытындылары, нәтижелері, негізгі ережелердің толық басылымның расталуы.

Диссертация тақырыбы бойынша 19 жұмыс жарияланды. Оның ішінде 3 мақала ҚР ҒБМ Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған баспаларда; 1 мақала *Ресейлік ғылыми дәйексөз алу индексі* базасына кіретін журналда; 1 мақала халықаралық ғылыми жарияланымда (International Journal of Innovative Science, Engineering & Technology), 1 мақала *“Research Journal of Pharmacy and Technology”* (2018 жылдан бастап SJR 0.19 Scopus, Citescore - 0.38, процентиль 56, 3 квантиль Q3) Scopus мәліметтер базаларына енген халықаралық рецензияланған журналда, 1 баяндама және 3 тезис Қазақстандағы халықаралық ғылыми-практикалық конференциялардың материалдары мен жинақтарында, 6 тезис шетелдік конференциялар материалдарында: оның ішінде (*European Journal of Public Health (2018 жылы IF=2.234, квантиль Q2)*), Web of Science мәліметтер базасында индексіленген халықаралық рецензияланған журналда. 3 зияткерлік жеке меншік (Авторлық куәлік 2017 жылдың 26 сәуір №834; 2019жыл 24 маусым №4179; 2019 жыл 13 қараша № 6402).

8. Аннотацияның диссертация мазмұнымен сәйкестігі.

Диссертациялық жұмыстың аннотациясы диссертация мазмұнына толығымен сәйкес және орыс және ағылшын тілдеріне аударылған.

9. Диссертация мазмұны мен рәсімделуінде кеткен кемшіліктер.

Автор алға қойылған міндеттерді шеше білген және қорғауға шығарылған қағидаларды дәлелдей алған. Соған қарамастан, диссертация бойынша бірқатар сындар жасалған:

1. Диссертациядағы салыстырылатын көрсеткіштердің статистикалық мәнділігі кестелерде сипатталуымен қатар, мәтінде де толығырақ талданғаны дұрыс.

2. Диссертациялық жұмыстың 10, 11, 15, 16, 47, 48, 77, 99 беттеріндегі көптеген стилистикалық олқылықтарды түзету қажет.

3. Қазақ тіліндегі кейбір қысқартылған сөздер қате берілген.

4. 7 суретте 2010 - 2018 жылдар аралығындағы Қазақстан Республикасында алғашқы дәрігерлік медициналық - санитарлық көмек көрсететін участкелік педиатр - дәрігерілермен қамтамасыз етілу көрсеткішінің нәліктен азайғаны талданбаған.

5. Диссертациялық жұмыста қарастырылған лауазымдық, толықтыру және дәрігерлік функция көрсеткіштері мен ауытқу коэффициентінің мәндерінің басқа елдермен салыстырмалық талдауы жасалмаған.

Сонымен, талқыланғалы отырған диссертациялық жұмысқа шағын ескертулері жұмыстың мәнділігіне әсер етпейді. Жоғарыда айтылған ескертулер диссертациялық жұмыстың мақсатына, зерттеу әдістемесіне, алынған нәтижелері мен қорғауға шығарылған қағидаларға қатысы жоқ, көбіне ұсыныстық сипатта.

10. Диссертацияның аталған мамандық бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін тағайындау мүмкіндігі бойынша қорытынды.

Мергентай Айгүлдің «Жалпы практика дәрігерлерінің нормативтік жүктемелерін жетілдіру жолдарының ғылыми негіздемесі» тақырыбындағы диссертациялық жұмысының қағидалары мен нәтижелері аяқталған, өзіндік орындалған ғылыми зерттеу болып келеді және өзінің күрделілігі, алға қойылған мақсаты, міндеттері, нәтижелері, ғылыми жаңалылығы, тәжірибелік маңыздылығы мен нәтижелері бойынша «6D110200 – Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін қойылған талаптарға толығымен сәйкес деп санаймын.

Рецензент

«ҚМУ» КеАҚ қоғамдық денсаулық,
биомедицина және фармация
мектебінің қауымдастырылған
профессоры, PhD

Ж. А. Даулетқалиева

Ж. А. Даулетқалиева

